

## **Сүлейменова Бота**

Музыкалық білім беру педагогикасы саласының дамуына еңбек сіңірген педагогтардың бірі – «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Сүлейменова Бота Раманкүлқызы.

Педагог – 80-нен астам оқу-әдістемелік кешен, 2 оқу-әдістемелік құрал, 17 ғылыми мақаланың авторы. Еңбектерінің ҚР Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитетінде зияткерлік меншік объектісі ретінде тіркелгені жөнінде 13 куәлігі бар.

Ғалым Қазақстандағы жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныптарына арналған музыка оқулықтары авторларының бірі. Оқытушының жылдар бойы ізденісінің нәтижесінде жыр, терме, айтыс өнерінен дәріс беру әдістемелері орта мектептердің бастауыш сынып музыка оқулығына енді.

Бота Раманкүлқызы (авторлық бірлестікте: Ш.Құлманова, Т.Тоқжанов, Н.Мирманов) дайындаған жаңартылған білім мазмұны аясындағы 2, 3, 4, 5 – сыныптарға арналған музыка оқулығы мен оқу-әдістемелік кешені 2017 жылдан бастап оқу процесінде қолданылуда.

Педагогтың жетекшілігімен 2019 оқу жылына әзірленген 6B01407– Музыкалық білім, 6B02128 – Дәстүрлі музыка өнері (Дәстүрлі ән әртісі, оқытушы), 6B02129 – Дәстүрлі музыка өнері (Халық аспаптар оркестрінің (ансамблінің) әртісі, оқытушы), 6B02126 – Аспаптық орындау (Әртіс жеке орындаушы-аспапшы, оқытушы) білім беру бағдарламалары ҚР Білім беру бағдарламаларының Реестрлік тізіміне енгізілді.

Бота Раманкүлқызы «Музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, 2008-2011 жж. «Музыкалық білім беру» кафедрасының, 2017-2019 жж. «Музыкалық білім және дәстүрлі музыка өнері» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

Педагог Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен», ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», «Б.І. Алтынсарин» атындағы медалімен марапатталды.